

Мәслихаттың 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 102 "Жітіқара ауданы Приречный ауылының 2022-2024 жылдарға арналған бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2022 жылғы 10 тамыздағы № 183 шешімі. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Жітіқара аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мәслихаттың 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 102 "Жітіқара ауданы Приречный ауылының 2022-2024 жылдарға арналған бюджеті туралы" шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Приречный ауылының 2022-2024 жылдарға арналған бюджеті тиісінше, 1,2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2022 жылға мынадай көлемдерде орындауға қабылдансын:

1) кірістер – 43 840,8 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша – 2 863,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша – 0,0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 0,0 мың теңге;

трансферттер түсімі бойынша – 40 977,8 мың теңге;

2) шығындар – 43 840,9 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0,0 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0,0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0,0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -0,1 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0,1 мың теңге.";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Жітіқара ауданы Приречный ауылының 2022 жылға арналған бюджетінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін кепілдендірілген трансферт есебінен ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

1) азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге.";

мынадай мазмұндағы 4-2-тармақпен толықтырылсын:

"4-2. Жітіқара ауданы Приречный ауылының 2022 жылға арналған бюджетінде облыстық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

1) Қостанай облысы Жітіқара ауданы Приречный ауылындағы Степная көшесін орташа жөндеуге.";

5-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) Приречный ауылының көшелерін жарықтандыру.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Жітіқара аудандық мәслихатының хатшысы

А. Кабиев

Мәслихаттың
2022 жылғы 10 тамыздағы
№ 183 шешіміне
қосымша
Мәслихаттың
2021 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 100 шешіміне
1-қосымша

Жітіқара ауданы Приречный ауылының 2022 жылға арналған бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
			Атауы	
			I. Кірістер	43840,8
1			Салықтық түсімдер	2863,0
	01		Табыс салығы	0,0
		2	Жеке табыс салығы	0,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	2863,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	36,0
		3	Жер салығы	20,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2807,0
2			Салықтық емес түсімдер	0,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0,0
4			Трансферттердің түсімдері	40977,8
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	40977,8

		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер		40977,8
Функционалдық топ					Сомасы, мың теңге
	Кіші функция				
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
			Бағдарлама		
				Атауы	
				II. Шығындар	43840,9
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	18981,0
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	18981,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	18981,0
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	18981,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	4731,0
	3			Елді-мекендерді көркейту	4731,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	4731,0
				Елді мекендердегі	

			008	көшелерді жарықтандыру	3871,0
			009	Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	300,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру м е н көгалдандыру	560,0
12				Көлік және коммуникация	20128,8
	1			Автомобиль көлігі	20128,8
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	20128,8
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	606,0
			045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	19522,8
15				Трансферттер	0,1
	1			Трансферттер	0,1
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,1

			048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	0,1
				III. Таза бюджеттік кредиттеу	0,0
				Бюджеттік кредиттер	0,0
Санаты					Сомасы, мың теңге
	Сыныбы				
		Кіші сыныбы			
			Ерекшелігі		
				Атауы	
				Бюджеттік кредиттерді өтеу	0,0
				IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
				V. Бюджет тапшылығы (профициті)	-0,1
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0,1